

**ПЕДАГОГИКА, ПСИХОЛОГИЯ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК-
ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР САЛАСЫНДАҒЫ ЗЕРТТЕУЛЕР /
ИССЛЕДОВАНИЯ В СФЕРЕ ПЕДАГОГИКИ, ПСИХОЛОГИИ И
СОЦИАЛЬНО-ЭКОНОМИЧЕСКИХ НАУК**

УДК 376.1

МРНТИ 16.01.11



**ДОСЫМБЕКОВА
РОЗА ШЕКЕРБЕКҚЫЗЫ¹**

*¹Қазақстан Республикасы Бас
прокуратурасының жанындағы Құқық
қорғау органдары академиясы,
Астана қ., Қазақстан Республикасы*

**РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ АЯСЫНДАҒЫ АКАДЕМИЯ ҚЫЗМЕТІНДЕГІ
ЖЕКЕЛЕГЕН ЖАҢА АҚЦЕНТТЕР**

Түйін. Мақалада автор қоғамдық сананы жаңғырту бағдарламасын іске асыру аясында құқық қорғау органдары қызметкерлерінің санасы мен мінез-құлықтарының өзгеру мәселелерін қарастырады.

Онда құқық қорғау органдарының кадрларын дайындау процесінде жоғары деңгейлі дайындықпен қатар, қызметкерлердің жоғары моральдық ерік-жігер қасиеттерін қалыптастыруды қажет ететін тәрбие жұмысының өзектілігі атап көрсетіледі.

Сонымен қатар автор тәрбие жұмысының білім беру процесінің ажырамас бөлігі болып табылатындығына тоқталған. Жалпы алынған білім мен дағдыны тиімді қолдануды қамтамасыз ету үшін құндылықтарды, жеке қасиет пен маманды қалыптастыру мәселелерін қарастырған. Бұл орайда құқық қорғау органдары халықпен тығыз қарым-қатынаста жұмыс жасайтынын ескере отырып, олардың тілдік құзыреттіліктерін арттыру бағытында да жұмыстар көзделген.

Түйінді сөздер: тәрбие жұмысы, тәрбиенің жаңа жүйесін енгізу, сананы жаңғырту, жалпы мәдени даму, үштілділікті дамыту, латын графикасына көшіру, қарым-қатынастың жаһандық әлемі, кәсіби тілдік ортаға ендіру, дуальді оқыту.

Аннотация. В статье автором раскрываются вопросы изменения сознания и поведения сотрудников правоохранительных органов в рамках реализации программы по модернизации общественного сознания.

Отмечается актуальность воспитания в процессе подготовки кадров для правоохранительных органов, новые подходы к профессиональному и идейно – патриотическому воспитанию, ориентированное на укрепление ранее сформированных ценностей и качеств.

Учитывая, что работа сотрудников правоохранительных органов тесно связано с обществом, в данном направлении необходимо повышения их языковой компетентности.

Обращено внимание на вопросы поэтапного перехода алфавита казахского языка на латинскую графику с разъяснением значительности, преимуществ и трудностей перехода.

В статье освещено развитие государственного языка и внедрение трёхязычия посредством инновационных проектов и методов. Проекты отражают существующую практику внедрения трёхязычия в профессиональную среду.

Ключевые слова: воспитательная работа, внедрение новой системы воспитания, модернизация сознания, общекультурное развитие, развитие трёхязычия, переход на латинскую графику, глобальный мир коммуникации, внедрение в профессиональную языковую среду, дуальное обучение.

Abstract. In this article the author considers the issues on consciousness and behaviour change of law enforcement officers within the program for the modernization of public consciousness.

She notes the relevance of education in the process of training for law enforcement, new approaches to the professional and ideological - patriotic education, focused on the strengthening of previously generated values and qualities.

Considering that the work of law enforcement officers is closely connected with the society, it is necessary to improve their language competence in this direction.

Attention is drawn to the questions of the phased transition of the Kazakh alphabet to the Latin graphics, explaining the significance, advantages and difficulties of the transition.

The article deals with the development of the state language and the introduction of trilingualism through innovative projects and methods. The projects reflect the current practice of introducing trilingualism into a professional environment.

Key words: educational work, the introduction of a new education system, the modernization of consciousness, ideological and patriotic education, the formation of general cultural development, the development of trilingualism, the

transition to Latin graphics, the global world of communication, the introduction of a professional language environment, dual training.

Қоғамдық сананың мәдени және идеологиялық трансформациялануының белсенді артуымен ерекшеленетін Қазақстанның қазіргі даму сатысында тәрбиенің тиімді жүйесі мен азаматтардың жаңа санасын қалыптастыру мәселелері жалпыұлттық мағына иеленуде.

Мемлекет басшысы Н.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» [1] атты бағдарламалық мақаласында және 2018 жылғы 10 қаңтардағы «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына Жолдауында заманауи Қазақстанның дамуындағы негізгі факторлардың бірі ретінде қоғамдық сананы жаңғырту қажеттілігі ерекше аталып өткен [2].

Осы жылдың басында ҚР Бас Прокуроры Қ.П. Қожамжаровтың қатысуымен өткен кеңейтілген аппараттық кеңесте Құқық қорғау органдары академиясының ұйымдастыру қызметінің өзекті мәселелері мен алдағы кезеңдерге қойылған міндеттері қаралды [3].

Онда құқық қорғау органдарының кадрларын дайындау процесінде олардың моральдық ерік-жігер қасиеттерін де, тілдерін де жоғары деңгейде дамыту шараларын қалыптастыру мәселелері қозғалды. Осы шараларды қамтамасыз етудегі тәрбие жұмысының маңыздылығын ерекше атап көрсетті. Сонымен қатар қазақ тілін латын графикасына көшіру мәселесі де көтерілді.

Елбасының «Рухани жаңғыру» бағдарламасында қазақ алфавитін латын графикасына көшіру мәселесі таяу жылдардағы міндеттердің біріншісі ретінде көзделген. Оның терең логикасы бар. Бұл қазіргі заманғы технологиялық ортаның, коммуникацияның, сондай-ақ ХХІ ғасырдағы ғылыми және білім беру процесінің ерекшеліктеріне байланысты. Латын графикасына негізделген жаңа қазақ әліпбиінің қолданысқа енуі қазақ тілінің екінші тынысын ашатыны баршамызға мәлім. Күні бүгінге дейін қазақ тілін дамыту мәселесі өзектіліктен түскен жоқ. Ал латын графикасындағы қазақ тілі жаһандық коммуникация әлеміне емін-еркін енуі – қазақ тілінің беделін де арттырады. Ол үшін жаңа әліпбиді енгізумен қатар, мемлекеттік тілдің мәртебесін нығайту жұмыстары да қатар жүргізілуі қажет етіледі.

Тәрбие жұмысының қолданыстағы тәжірибесінің талдауы – қолданылып жатқан шаралардың жеткіліксіздігін және атқарылып жатқан жұмыстың тиімсіздігін көрсетіп отыр [4].

Себебі құқық қорғау органдары мен білім ұйымдарының қызметкерлеріне, сондай-ақ білім алушыларға бүгінгі күнге дейін тәрбие жұмысының ескі тәсілдері қолданылып келеді. Мәселен, білім алушылар контингентінің *(олардың жасы мен әлеуметтік мінездемелері)*, оқыту жүйесінің *(оқытудың қысқарған түрі)* біршама өзгеруіне қарамастан тәрбие жұмыстарының әдістері мен бағдары 2000 жылдардың басынан бері өзгеріссіз келе жатқан, кешегі мектеп оқушыларын тәрбиелеудің «әскери» үлгісіне бағытталған.

Осыған орай тәрбие жұмысының жүйесін қайта қарау және оны іске асыру тәжірибесіне біршама өзгерістер енгізу қажеттілігі туындап отыр [5].

Тәрбие жұмысының мазмұны мемлекет саясатының бағыттарымен белгіленеді. Оның кезең-кезеңмен іске асырылуы және барлық білім беру мекемелерінде міндетті түрде орындалуы талап етіледі [6].

Дегенмен, құқық қорғау органдары қызметіне жататын жекелеген салаларда мұндай жұмыстардың өзіндік ерекшеліктері мен айрықша сипаттары болуы тиіс. Мәселен, құқық қорғау қызметі қызметкерлерден ерекше азаматтық позицияны, құндылықты, мотивацияны, моральдық және адамгершілік қасиеттерді талап етеді. Бұл, әрине, тәрбиенің ерекше жүйесін қажет етеді.

Бүгінгі күні жүргізіліп жатқан тәрбиелік іс-шаралар көп жағдайда жоғары оқу орындарындағы жалпы-мәдени даму *(Қазақстанның белгілі қайраткерлерімен кездесу, мұражайларға бару, ел азаматтарының рухани қасиеттерін қалыптастыруға бағытталған әртүрлі іс-шаралар және т.б.)* шеңберінде өткізілетін іс-шараларды қайталайтынын атап өту керек.

Осы орайда білім алушылар ретінде кешегі мектеп бітірушілер емес – жоғары білімді, жалпы-мәдени даму сатысы қалыптасқан және белгілі бір өмірлік тәжірибесі мен кәсіптік өтілі бар тұлғалар екенін ескерсек, тәрбие жұмысының қолданылып жатқан түрі – тиісті нәтиже бере алмайтындығы белгілі.

Бұл жаппай қолданылып жатқан тәжірибе екеніне де назар аударған жөн.

Білім алушылардың контингентін ескере отырып, жалпы-мәдени даму бағыттары бойынша тәрбие жұмысының іске асырылуын жалпыұлттық бағдарламаларда белгіленген жаңа детерминанттармен шектеу керек.

Бүгінгі таңда жоғарыда аталған құрал ретінде «Мәңгілік Ел» патриоттық актісі мен Мемлекет басшысы Н.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласының аясындағы жаңа қоғамдық сананың ұстанымдары мен постулаттарын алуға болады.

Білім алушыларға тәрбие жұмысын жүргізген кезде негізгі екпін болашақтағы қызметінде жетістікті қамтамасыз ететін кәсіптік және коопоротивтік құндылықтарды *(кәсіптік, моральдық, психологиялық)* қалыптастыруға бағытталуы керек [7].

Бұл жерде негізгі бағыт кәсіптік құндылықтар және коопоративтік мәдениеттің стандарттары болуы қажет. Оларды білім алушыларға дарыту – Академиядағы кәсіптік дайындаудың негізгі көрсеткіштерінің бірі болады [8].

Шетелдік классикалық оқу орындарының тәжірибесінде коопоративтік құзыреттілік *(өзінің жеке миссиясын қабылдау және өзінің оқу қызметін, құқық қорғау қызметіндегі идеалдар құндылықтарының призмасы арқылы жобалау)* тәрбие жұмысының бірінші кезектегі міндеті болып табылады.

Сонымен бірге тәрбие жұмысын іске асыруда құқық қорғау органдарының білім беру ұйымдарының барлық ғылыми-педагогикалық әлеуетінің қатысқаны маңызды.

Тәрбие жұмысы білім беру процесінің ажырамас звеносы болып табылады. Білім беру – тек қана білімді жеткізу және біліктілікті көтеру ғана емес. Ол ең алдымен, алынған білім мен дағдыларды тиімді қолдана алатын, рухани құндылықтарға, жеке қасиеттері дамыған маманды қалыптастыру болып табылады. Бұл орайда құқық қорғау органдары маманының халықпен тығыз қарым-қатынаста жұмыс жасайтынын ескере отырып, олардың тілдік құзыреттіліктерін арттыру бағытында да жұмыстар көзделуі тиіс.

Тәуелсіздік алған кезден бастап осы уақытқа дейін еліміз үшін мемлекеттік тілді қолдану мен дамыту мәселелері ашық қалып отыр [9].

Мемлекеттік тіл саясатын іске асырудың заманауи кезеңінде Елбасы Н. Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында үштілділіктің дамуына ерекше мән берген. Қазақ тілімен қатар, ағылшын және орыс тілдерін де қолдану мен дамыту мәселесі тағы да мемлекеттік деңгейге көтерілді. Себебі көп тілді білу – азаматтардың бәсекелік қабілетін артыра түседі. Бұл – тұтас қоғамның және әрбір қазақстандықтың санасын жаңғыртудың алты бағытының бір талабы [10].

Осы мәселелер мемлекеттің әрбір азаматы үшін өзекті болып табылады. Мемлекеттік және ағылшын тілдерінің кәсіптік қызметте және тұрмыста қолданылуына, оның маңыздылығы мен өмірдегі қажеттілігіне ешкім күмән келтірмейді.

Оған қоса мамандығы мен жасына қарамастан, бүгінгі күні әрбір қазақстандық үшін кәсіби ортада немесе күнделікті өмірде болсын, оның мемлекеттік және ағылшын тілдерін меңгеру деңгейі - оның жетістігінің бір көрсеткіші болып табылады.

Прокуратура органдары басқа мемлекеттік органдармен қатар Мемлекет Басшысы қойған міндеттерді, соның ішінде мемлекеттік тілді дамыту және ағылшын тілін енгізу мен дамыту мәселелері бойынша тапсырмасын іске асыруда белсенділік танытуы қажет.

Мемлекеттік тіл мен ағылшын тілдерін оқыту туралы мемлекет ұсынып отырған ақысыз курстар, оқу әдістемелері және т.б. мүмкіндіктермен бірге прокуратура мемлекеттік және ағылшын тілдерін оқытудың бірқатар заманауи түрлерін ұсынуда.

Елбасы тұтас қоғамның және әрбір қазақстандықтың санасын жаңғыртудың 6 бағытын айқындап, таяу жылдардағы міндеттерді белгіледі. Онда басты міндет ретінде бүкіл салаларда қазақ тілін біртіндеп латын әліпбиіне көшіру мәселесі көрсетілген.

Құқық қорғау органдарындағы тәрбие жұмысының жаңа жүйесінде де осы бағыттардың міндеттері көзделген.

Мәселен, өткен жылдың соңында Академияның бастамасымен қазақ әліпбиін латын графикасына көшірудің маңыздылығы, артықшылықтары мен қиындықтары түсіндірілді. Сондай-ақ ағымдағы жылдың 2 наурызында Академияның бастамасымен «Жаңа әліпби құқық қорғау органдары жүйесінде: кеңістік пен кедергілер» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді. Аталған шараға барлық құқық қорғау және арнайы органдардың өкілдері

қатысып, осы бағытта бірлесе жұмыс атқару туралы шешім қабылдады. Отырыс барысында берілген ұсыныстар бойынша тәжірибе алмасу және әдістемелік көмек ретінде жинақ әзірленді.

Сонымен қатар жуық арада «Ойлан, тап!» порталында «Латынға көшеміз!» айдарын ашу жоспарланған. Басты мақсат – прокуратура органдары қызметкерлерінің қазақ тілінің латын графикасындағы әліпбиінде оқу және жазу дағдыларын қалыптастыру, жаңа әліпбиді апробациядан өткізу.

Прокуратура органдарында мемлекеттік тілді барынша тиімді енгізу үшін прокуратураға бейімделген «Кәсіптік тіл ортасына енгізу», «Қазақ тілі - баршаға», «Қазақ және ағылшын тілдерін дуальді түрде оқыту» сияқты бірқатар жоба ұсынылады. Аталған жобалар мен тағы басқа әдістер «Мемлекеттік тілді дамыту және прокуратура органдарына үштілділікті енгізу» атты әдістемелік ұсынымдарда жүйеленген.

Ұсынылып отырған инновациялық әдістерді тек кәсіптік прокурорлық ортада ғана емес, басқа да құқық қорғау органдары мен өзге ұйымдарда қолдануға болады.

Сонымен бірге кәсіптік қазақ және ағылшын тілдерін енгізу тәсілдерін тек прокуратура органдарында ғана емес, жоғары оқу орындарындағы құқық қорғау блогының кадрларды дайындау сатысында да қолдану ұсынылады. Бас прокуратурада қоғам, заң және атқарушы билік, құқық қорғау және арнайы органдар, сондай-ақ еліміздің жетекші ЖОО-ларының өкілдері қатысқан қоғамдық тыңдауларда бұл ұсыныс бірауыздан қолдау тапты. Осыған орай жоғары оқу орындарына арналған кәсіптік қазақ және ағылшын тілдерін енгізу бойынша әдістемелік құрал мемлекеттік тілде әзірленді. Әдістемелік құралды енді ағылшын тілінде әзірлеу жоспарлануда.

Бас прокуратура қолдаған тағы бір инновациялық әдіс «Кәсіби тіл ортасына енгізу» жобасы болып табылады.

Республикамыздың әр аймағындағы құқық қорғау органдары жүйесінде қазақ тілін қолдану деңгейі әркелкі, бұл республикамыздың аймақтарындағы мемлекеттік тілдің жалпы жағдайына байланысты. Әр аймақта мемлекеттік тілді білу деңгейі бірдей емес. Мәселен, Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл және Қызылорда облыстарында қазақ тілінің қолданылу деңгейі басқа облыстармен салыстырғанда анағұрлым жоғары.

Мемлекеттік тілдің қолданылу деңгейі жоғары аймақтардың тілдік ортасы қазақ тілін оқу және меңгеруге үлкен мүмкіндік береді.

Барлық құқық қорғау органдары жүйесінің Кадр саясаты тұжырымдамасының ережесі бойынша Бас прокуратурада 2014 жылдан бастап «Кәсіби тіл ортасына енгізу» пилоттық жобасы іске асырылды. Онда өзінің мемлекеттік тіл деңгейін көтергісі келетін қызметкерлер қазақ тілі кеңінен қолданылатын аймақтарға іссапармен жіберілді.

Жоба екі кезеңде жүзеге асырылды: прокурорлар облыс шеңберінде іс-қағаздарын мемлекеттік тілде жүргізу деңгейі жоғары аудандарға жолданды. Екінші кезеңде - прокурорлық қадағалау актілерін мемлекеттік тілде дайындау

тәжірибесі мен дағдыларын жетілдіру мақсатында барлық облыстардың қызметкерлері Қызылорда облысының прокуратурасына жіберілді. Қызылорда облысының прокуратурасы кездейсоқ алынған жоқ. Мемлекеттік тілдегі іс-қағаздарының үлесі 90%-ға жететін бұдан басқа да облыстар, бірнеше аудандар да бар. Алайда Қызылорда облысының ерекшелігі іс-қағаздарын мемлекеттік тілде жүргізу деңгейі жоғары болғандығында ғана емес. Бұл өңірде күнделікті тұрмыста және қызметте де қарым-қатынас мемлекеттік тілде жүргізіледі.

Қызметкердің дайындық сапасы мен деңгейін анықтау мақсатында оларды іссапарға жолдамас бұрын және олар қайтып келген соң, мемлекеттік тілді меңгеру деңгейіне компьютерлік тестілеу жүргізілді. Тестілеу нәтижелері бойынша қызметкерлердің мемлекеттік тілді меңгеру деңгейі бір ай көлемінде орташа есеппен алғанда 23%-ға артқанын көрсетті. Қызметкерлер кәсіптік терминдер мен ұғымдарды меңгеріп, оны белсенді түрде қолдана бастағаны – жобаның тиімділігінің көрсеткіші болды.

Аталған жоба Тілді дамыту жөніндегі құзыретті орган тарапынан республикалық деңгейде бағаланып, бірегей жоба ретінде арнайы дипломмен марапатталды.

Оң нәтижелі тәжірибе алған «Кәсіби тілдік ортаға енгізу» жобасы алдағы уақытта жалғасатын болса, прокуратура органдарында қазақ тілін кеңінен қолдану процестері қосымша серпіліс алатыны сөзсіз.

Қазақ тілін жан-жақты насихаттауды, дамытуды және құқық қорғау органдары қызметкерлерінің еркін сөйлеу тәжірибесін арттыратын басқа инновациялық тәсілдің бірі – Құқық қорғау органдары академиясында «Қазақ тілі - баршаға» атты пікірталас клубының құрылуы.

Клубтың мақсаты: құқық қорғау органдары қызметкерлерінің сөз шеберлігін байыту, шешендік өнерін қалыптастыру және шындау, өмірдің әртүрлі жағдайларында кез келген тақырыпта мемлекеттік тілде сқйлеу дағдыларын қалыптастыру.

Жоба бойынша клуб отырыстарына белгілі саясаттанушыларды, қоғам қайраткерлерін, тәжірибелі қызметкерлерді шақырып, мемлекеттік басқару саласының, саясаттың, білімнің және құқық қорғау қызметінің өзекті мәселелері талқыланады.

Жобаның тағы бір ерекшелігі – клуб жұмысына мемлекеттік тілді жетік білетіндер ғана емес, қазақ тілін жаңа үйреніп жүргендер де қатыса алады.

«Қазақ тілі - баршаға» пікірталас клубы прокуратура органдарында апробацияланды, жобаны көпшілік және барлық әлеуетті органдар қолдады. Осыған сәйкес клубтар 14 облыстық прокуратурада құрылды.

Аталған жоба 2018 жылы 8 аумақтық клуб алаңында Қазақстан халқы Ассамблеясымен бірлесіп өткізілетін пікірталаста іске асырылатын болады.

Білім беру процесі тәрбиенен тығыз байланысты. Қоғамдық сананың мәдени және идеологиялық өзгерістерге ұшырауы заңды құбылыс. Қазақстанда да соңғы кездері қоғамдық сана өзгерісі белсенді түрде артып келеді. Қоғамның қазіргі даму сатысында тәрбиенің тиімді жүйесі мен

азаматтардың жаңа санасын қалыптастыру мәселелері жалпыұлттық мағынаға иеленуде.

Әртүрлі пәндер арқылы іске асырылатын білім беру жүйесі - білім алушылардың кәсіптік құзыретін (*болшақ қызметінің мазмұнын және жедел орындау тәртібін осылай қалыптастырады*) қалыптастыруды қамтамасыз етеді. Ал тәрбие жұмысы болса – сол білімді іске асыру дағдыларын қалыптастыруды қамтамасыз етуі қажет (*мотивациялық негізді қалыптастыруды және әрі қарай кәсіптік құзыретті дамытуды қамтамасыз етеді*).

Осы дағдыларды дарытудың негізін оқу-танымдық құзыреттілік (*оқуда үздік нәтижеге жету үшін білім алушылармен танымдық және зерттеу белсенділігін тиімді іске асыру*) жүзеге асыруы керек, бұл тәрбиенің екінші кезектегі міндетін қалыптастыру болып табылады.

Осылайша, ұсынылып отырған тәрбие жұмысының жүйесі мен үштілділікті мемлекеттік тіл деңгейінде қолдану мен дамыту жолдары бөлшектенген педагогикалық шара ықпалынан өтіп, бірегей ортаны құруды қамтамасыз етеді. Ол өз кезегінде Академияны бітіруші мен құқық қорғау органдары қызметкерлерінің біртұтас құзыреттілік үлгісін қалыптастырудың жүйе құрушы бастамасы болады.

Сонымен қатар Академияның ерекшеліктері ескерілген тәрбие жұмысының жаңа жүйесін әзірлеу және іске асыру – әртүрлі ғылыми-негізделген технологияларды қолдануға мүмкіндік береді. Атап айтқанда, келесілерді әзірлеу және енгізу:

Кәсіптік тәрбие – білім алушылардың кәсіптік білімін, қасиеттерін, құзыретін жетілдіру себептерін қалыптастыруы және үздік оқуы үшін танымдық белсенділіктерін арттыруға бағытталған нақты дағдыларды (*оқу-танымдық, тілдік құзыреттілік*) бойларына дарытуы қажет. Осы тәрбие білім алушының тұрақты зияткерлік белсенділігін қамтамасыз етуі және өзінің кәсіптік деңгейін үнемі арттыруға деген ішкі қажеттілігін дамытуы қажет.

Патриоттық-идеялық тәрбие - Мемлекет басшысының саясатын, саналығы мен ұстанымын, тәртіптік жауапкершілігін нығайтуды және өзінің жеке оқу-қызметтік жұмысын жобалағанда кәсіптік құндылықтарды қолдану дағдыларын қалыптастыруды қамтамасыз етуі қажет. Осы тәрбие бұрындары қалыптасқан құндылықтар мен қасиеттерді (*сонымен қатар қоғамдық рухани жаңғыруы аясында*) құқық қорғау органының қызметкері позициясынан нығайтуға бағытталуы тиіс.

Әлеуметтік-психологиялық қамсыздандыру – Академияның оқу және қызметтік жұмыстарына білім алушылар оңай енуі үшін жағдай жасауды қамтамасыз етуі керек.

Бұл жұмыс білім алушылардың ішкі ресурстарын жұмылдыру және пайдалану арқылы тәрбие жұмысын іске асыру және оның негізгі мақсатына жетуге ыңғайлы жағдайды қамтамасыз етеді.

Ол жұмыстардың қатарына мыналар кіреді: оқу жағдайына бейімделу және болашақтағы жұмысқа психологиялық тұрғыда дайындық.

Сонымен ұсынылып отырған жүйе тәрбие жұмысы субъектілерінің негізгі күшін, яғни қызметтің негізгі екі бағытын (*идеялық-патриоттық және кәсіптік тәрбие*) қалыптастыруға мүмкіндік береді, ал психологиялық-әлеуметтік қамсыздандыру – тиімді педагогикалық ықпал жасау үшін қолайлы жағдай жасайды (*білім алушылардың ішкі психологиялық дайындығын жұмылдыру есебінен*).

Ұсынылып отырған тәрбие жұмысының жаңа жүйесін енгізу тәсілдемесінің жаңалығын ескере отырып, бірқатар талаптардың қамтамасыз етілуі қажет.

Біріншіден, бұл жерде білім алушылардың бойында дамытуды қажет ететін корпоративтік құндылықтар параметрлерінің нақтылануы, ересектермен тәрбие жұмысының тиісті педагогикалық және психологиялық технологияларын әзірлеу.

Екіншіден, тәрбие жұмысының сапасын басқару құралдарын, тәрбие жұмысы сапасын кешенді бағалаудың объективті әдістерін әзірлеу және енгізу. Аталған құралдар мен әдістер тәрбие жұмысы нәтижелерін пайдаланатын барлық субъектілерді қамтиды.

Жоғарыда баяндалғандарды және енгізу талаптарының қамтамасыз етілуін ескерсек, жаңа жүйе – Академияның тәрбие жұмысына жаңа серпін береді және осы жүйені дамытуға, ал кейіннен еліміздің барлық құқық қорғау органдар жүйесіндегі тәрбие жұмыстарына жаңа мүмкіндіктер береді.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаев, Н.А «Болшаққа бағдар: рухани жаңғыру» от 12.04.2017г. [Текст] / Н.А.Назарбаев // Егемен Қазақстан – 2017. - 12 сәуір (№ 70). – Б.3 – газетные статьи.

2. Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы 2018 жылғы 10 қаңтар «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» [Текст] // Қазақстан Республикасы Президентінің ресми сайты 2018. ([www.akorda.kz/ru/addresses/addresses_of_president.](http://www.akorda.kz/ru/addresses/addresses_of_president)) - интернет-источники.

3. Материалы аппаратного совещания при Генеральном Прокуроре Республики Казахстан от 15.01.2018г. № 3- протокол.

4. Досымбекова, Р.Ш. Кадровая политика системы правоохранительных органов Республики Казахстан: концепционные методы и организационно-правовые регулирование. [Текст] /Р.Ш.Досымбекова. – Алматы: Изд-во Жеті жарғы, 2016. – С.384 – книга.

5. Досымбекова, Р.Ш. Государственная кадровая политика правоохранительных органов Республики Казахстан: концептуальные основы, приоритеты технологии реализации. [Текст]: Монография – перераб. / Р.Ш.Досымбекова. - Алматы: Изд-во Жеті жарғы, 2016 г. – С. 432 – монография.

6. Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы 2012 жылғы 14 желтоқсан «Қазақстан-2050. Стратегиясы

қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» - [Текст] // Казахстанская правда. - 2012ж. – 15 желтоқсан. (№ 437-438). – 1 Б – газетные статьи.

7. Досымбекова, Р.Ш. Государственная служба: история, реалии, перспективы. [Текст]: сборник научных трудов / Р.Ш.Досымбекова. – Алматы: Изд-во Жеті жарғы, 2016 г. – С.480. – сборник.

8. Досымбекова, Р. Ш. Кадровая политика правоохранительных органов: практика, результаты, перспективы. [Текст] / Р.Ш.Досымбекова. – Алматы: Изд-во Жеті жарғы. - 2016. – С.384. – книга.

9. Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы 2012 жылғы 14 желтоқсан «Қазақстан-2050. Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» - [Текст] // Казахстанская правда. – 2012 ж. – 15 желтоқсан. (№ 437-438). – 1 Б – газетные статьи.

10. Үштілділік білім беруді дамытудың 2015-2020 жылдарға арналған жол картасы [Текст] / ([http: online.zakon.kz](http://online.zakon.kz)) – интернет-источники.